

« Күншуақ» бөбекжай-бақша МКҚК



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы



№ 7 «Шаңырақ» ортаңғы тобы

2024-2025 оқу жылы

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта**

| Күн тәртібі                                                                                                                             | Дүйсенбі<br>02.09.2024ж                                                                                                                                                                                      | Сейсенбі<br>03.09.2024ж                                                                                       | Сәрсенбі<br>04.09.2024ж                                                                                     | Бейсенбі<br>05.09.2024ж                                                                                                                        | Жұма<br>06.09.2024ж                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                                                               | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,жағымды атмосфера орнату.Көңіл күйін сұрау.<br><b>Коммуникативтік дағды</b>                                                                          | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау.<br><b>Коммуникативтік дағды</b> | Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. <b>Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық</b> | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу,қоянның сұрақтарына жауап беру.<br><b>Коммуникативтік дағды</b>                                   | Достар әнімен қарсы алу. жағдайын,көңіл күйін ата-аналардан сұрау. Денсаулығын тексеру . Жеке жайлы жағдай жасап қабылдау<br><b>Шығармашылық дағды</b>                                    |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>                                                                                             | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.                                                                                                                                                          | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау                                      | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау                                                  | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу                                                                         | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу                                                                                                                                   |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту.<br><b>Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет</b> | «Қай жануар артық»<br>Мақсаты:<br>Жасырылған жануарларды таба алады.                                          | «Қуыршақты киіндір»<br>мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету<br><b>Ұлттық құндылық</b>     | Заттардың белгісі мен қасиеттерін анықтай білуге жаттықтыру. Табиғатты сүйюге баулу<br><b>Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет</b> | Асық ойындары«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында)<br>«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)<br><b>Ұлттық құндылық Біртұтас тәрбие</b> |
| <b>Таңертенгі жаттығу</b>                                                                                                               | <b>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>                                                                                 |                                                                                                               |                                                                                                             |                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                           |
| <b>Таңғы ас</b>                                                                                                                         | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді                                                                                         |                                                                                                               |                                                                                                             |                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                           |

|                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                      |                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                      | суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) |                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                      |                                                                                                                                                    |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>                          | Бала, оның отбасы, үйі.<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br><b>Қоршаған ортамен танысу</b>                                                           | Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br><b>Математика негіздері</b>                        | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру<br><b>Құрастыру</b>                                                                                                                                                                                                                               | Заттық сурет салу.<br>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру <b>Сурет салу</b> | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету<br><b>Көркем әдебиет</b>                                           |
| <b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> | <b>Дене шынықтыру</b><br>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.                                                                                                                                                              | <b>Музыка</b><br>Музыка тыңдау.<br>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. | <b>Дене шынықтыру</b><br>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай | <b>Қазақ тілі</b><br>ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету                 | <b>Дене шынықтыру</b><br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | калып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|  | <p>Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлмеміз жарық, әрі кең. Топта сіздерге арналған көп ойыншықтар бар. (Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көрсете отырып, балабақшамен таныстыру) – Мынау не? – Оған не саламыз? т.б. сипаттарын атау, түсін, көлемін айту. – Мынау не? – Оған не саламыз? – Қандай ойыншық көріп тұрсыңдар? – Мынау не? (Кереует – жататын төсек). – Онда не істейміз? (ұйықтаймыз, т.б.) топ, бөлме, кереует, қолжуғыш сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі. <b>Қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет</b></p> <p>Ойыншық үйді дәсүрден тыс сурет салу арқылы жасау</p>  <p><b>Дәстүрден тыс сурет салу</b></p> | <p>- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата. - Күз мезгілі несімен қызықты? - Күздің неше айы бар? - Күзде адамдар қандай еңбек жасайды? Қошаған ортамен таныстыру, <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>  <p>ағаштаға құстарды салыстыру <b>Математика негіздері</b></p> <p>Бар сиқыр осы қарындаштардың ұшында екендігіне тоқталады. Ұстағышпен ұстап олардың ұшын шығарады. Қарындаштың ұшымен, қатты баспай әдемілеп</p> |  <p>Суретте неше түйе болса сонша дөңгелекті боя. <b>Математика негіздері</b></p> <p>Қағаз бетін ашық түсті дақтармен саусаққа жағылған бояумен жақпалармен толтырумен сурет салуға үйрету <b>Сурет салу</b></p> <p>«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын-жаттығуы. Бұл тапсырмада балалар суреттегілердің неге ұқсайтынын айтып, сурет бойынша сәйкестендіреді. Балалар мен шар, текше, доп сөздерімен сөздік жұмыс</p> |  <p>ағашта неше жапырақ болы? нешеуі түсті. <b>Математика негіздері, Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Педагог балалардан күзді қандай белгілеріне қарай анықтауға болатынын сұрайды. Күзде табиғатта қандай құбылыстар байқауға болады? Балалар өз болжамдарын айтады: Далада жаңбыр жауып тұр, күн суыта бастады, салқын жел соғып, сарғайған жапырақтар жерге түсіп жатыр. Күн шығып тұрғанымен бұрынғыдай қыздырмайды. Сол арқылы балалардың табиғат</p> | <p>Өндер мен тақпақтар және билерді қайталау. <b>көркем әдебиет, музыка</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту.</p> <p>Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. <b>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b></p> <p>Еркін іс әрекеттер</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                              |
|--------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                             | сызықтар сызуды көрсетеді. Қарындашты оң қолдың үш саусағы – бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстап, ұшын қатты баспай әртүрлі сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызып, жұмыс жасау жолдарын көрсетеді<br><b>Сурет салу</b> | жүргізіледі. – Төртбұрышты текшеге ұқсайды. – Сары түсті. – Шар – шар, текше – куб, доп – мяч. – Допқа ұқсайды, ол домалақ, домалайды. – Қарбыз допқа ұқсайды. – Алма шарға ұқсайды. <b>Сөйлеуді дамыту</b> | құбылыстарының атауларын ауа райындағы өзгерістермен салыстыра отырып атап көрсету қабілетін нығайтады. Құстар жылы жаққа ұшып кетіп жатыр, аңдар да қыстың қамын қылып жатыр. Адамдар егін жинап, көгөніс пен жемістерден қыста жейтін азық дайындап жатыр. Мысалы: жаңбыр жауды – жер батпақ болды (дымқыл болды); жел соқты – ағаштардың бұтақтары иіліп, шайқалды; күн шығып тұр – дала жылынып, жарқырай түсті; аспанды қара бұлт торлады – күн бұлттанды. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> |                                                                                                                                                              |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</b> |                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                              |
| <b>Серуен</b>            | <b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау.<br><b>Мақсаты:</b> Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату.<br><b>Еңбек</b> Ауладағы гүлдерді суару.<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды                                                     | <b>Бақылау:</b> Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.<br><b>Мақсаты:</b> Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың                                                                                       | <b>Бақылау:</b> Желді бақылау.<br><b>Мақсаты:</b> Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының                                                         | <b>Бақылау: Мақсаты:</b> Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <b>Бақылау:</b> Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.<br><b>Мақсаты:</b> Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Аспанға ұшар бу болып</p> <p>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Кімге қандай құрал керек?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Соқыр теке».</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Соқыртеке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ», - деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған</p> | <p>тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құстарға жем сауыт жасау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Сап-сары боп келе жатқан</p> <p>Сезді мекен күзді олар.</p> <p>Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Күзде не киеміз?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім киюі үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Аттамақ».</p> | <p>салқындығын үдететіндігін түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Әдемі гүлдер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Тақпақ. «Жел»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу</p> <p>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Айгөлек-ау, айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Орамал тастау».</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып</p> | <p>жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаш түптерін қопсыту, су құю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойр молайту.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Ақ қояным»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Ұшты-ұшты»</p> <p><b>Ойын барысы:</b> «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға, үйрек-бүйрек, кептер-</p> | <p>ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Біздің ойыншықтар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Тақпақ: «Құстар қайтып барады».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.</p> <p>Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Жүзік салу»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Зейін қойып тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Сымсыз телефон».</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар сап түзеп тұрады. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |  <p><b>математика негіздері</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер</p>                                                                                                                                                                                                                       | <p><b>Математика негіздері</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</b></p>                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуов «Күшік».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына</p> | <p><b>Бақылау:</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Жапырақтардан гүл шоғын жасау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Күзгі жапырақ» тақпақ</p> <p>Қыстың жақын қалғанын,</p> | <p><b>Бақылау:</b> Алтын күзді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.</p> <p>Қуандырып біздерді, Кел жемісті алтын күз Мерекелі күз келді Кемелденсін халқымыз.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен</p> | <p><b>Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.</p> <p>«Қыстың қамын жаз ойла».</p> <p><b>Еңбек:</b> Біздің алаң.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Тыйым сөздерді жаттату.</p> | <p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа , ептілікке баулу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Гүл шоғы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.</p> |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>жаттықтыру. Тапқакты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов.</p> <p>«Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте</p> <p>Біреуі қардай ақ,</p> <p>Аулада күшіктер</p> <p>Біреуі сұр жолақ</p> <p>Біреуі оның қап-қара,</p> <p>Бәрібір, бәрінің</p> <p>жұмысы біреу-ақ:</p> <p>Біреуі сары ала</p> <p>Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Өткеншек тебу.</p> <p>2. Допты қуалау.</p> <p><b>Тренинг:</b> «Біз біргеміз».</p> | <p>Желмен ұшып барады,</p> <p>Жапырақтар сезгендей.</p> <p>Жерге қонып үлгермей</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Ойын:</b> «Аю жүрген орманда».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қимыл қозғалысын дамыту</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Орта доп</p> <p>2. Өткеншек тебу</p> <p>3. Қуаласпақ</p> <p><b>Тренинг:</b> «Бір шаңырақ астында».</p> | <p>қасқыр».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Отбасы мүшелері»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.</p> <p><b>Дербес ойындар.</b></p> <p><b>Тренинг:</b> «Біз татумыз».</p> | <p><b>Мақсаты:</b> «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Тығылыспақ.</p> <p>2. Тартқышқа тартылу.</p> <p>3. Допты қуалау.</p> | <p><b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру.</p> <p>Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам»</p> <p>Сақта көше тәртібін Сары жанса , сабыр</p> <p>Бағдаршамның ал «тілін» Сақтай</p> <p>тұрам әзір.</p> <p>Біліп алдым мен де:</p> <p>Жанса қызыл шоқтай,</p> <p>Жасыл жанса, демде Қаламын кілт тоқтай.</p> <p>Алға кетем лезде.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Төбешіктен-төбешікке секір.</p> <p>2. Күн мен түн</p> <p><b>Тренинг:</b> «Күн шуағы».</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Түскі ас</b>        | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b>                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>   | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

|                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                         | <p>қояды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(Музыка)</b></p>                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                       | <p><i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b></i></p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қояды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p>                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                         | <p>Ересектің бақылауымен бегін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.</p> <p>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды <b>үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | <p>Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. <b>сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Сылдырмақ</p> <p>Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап</p> <p>Қолында бар сылдырмақ. <i>К. Ыбрайұлы</i></p> <p>Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау.</p>                                                                                                                      | <p>Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету.</p> <p>«Артығын тап» (әуе жер, су көліктер)</p> <p>бойынша карточкалармен жұмыс жасату <b>сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту,</p> | <p>Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату</p> <p>Таңдаған ойыншығының <b>суретін салу және жапсыру, мүсіндеу</b> жұмыстарын орындату</p> <p>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын</p> | <p>«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету <b>сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексازдан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту <b>сурет салу, мүсіндеу.</b></p> | <p>«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру.</p> <p>Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету.</p> <p><b>сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> |

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                      |                                                                                                          |                                                                                                                                 |
|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | <p><b>көркем әдебиет</b></p> <p>Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. <b>құрастыру</b></p> <p>Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту <b>сурет салу</b></p>                                                                                                                                                   | <p>мүсінін жасату және қағазға жапсырту. <b>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру</b></p>                                                                                                                                                       | <p>айтқызу. <b>сөйлеуді дамыту</b></p>                                                               |                                                                                                          |                                                                                                                                 |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <p>Жеке баламен жұмыс: «Ойыншықтар театры»: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                        | <p>Еркін ойын: «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.</p> | <p>Психологтың жұмысы: Ментемірмен үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.</p> | <p>Жеке баламен жұмыс: «100 сөз» Тілі шықпаған балалармен зат атауларын қайталап тілдерін жаттықтыру</p> | <p>Жеке баламен жұмыс: Бояумен жұмыс жасау дағдыларын жақсарту үшін қол моторикасы дұрыс дамымаған балалармен жұмыс жүргізу</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                      |                                                                                                          |                                                                                                                                 |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Серуен</b></p> | <p><b>Қимылдық ойын:</b><br/>«Тымпи-тымпи».<br/><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br/><b>Ойын барысы:</b>Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи», - дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді.Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып,</p> | <p><b>Қимылдық ойын:</b><br/>«Монданақ».<br/><b>Ойын барысы:</b> Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ», -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.</p> | <p><b>Қимылдық ойын:</b><br/>«Көрші».<br/><b>Мақсаты:</b> Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br/><b>Ойын барысы:</b> Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы</p> | <p><b>Қимылдық ойын:</b><br/>«Итеріспек»<br/><b>Ойын барысы:</b> Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.</p> | <p><b>Қимылдық ойын:</b><br/>«Үрпек төбет»<br/><b>Мақсаты:</b> Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Ояталық жақындап барайық та, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта</p> |
|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                        |                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                     |
|-------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Серуенге дайындық</b>      | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |                                                                                                   |                                                                                                                                                               |                                                                                                             |                                                                              |
| <b>Серуен</b>                 | Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | Торғайды дыбыстарын салдырту.<br>Кітаптан ертегі қарату.<br>(көркем әдебиет)<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар |
| <b>Серуеннен оралу</b>        | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b>                                                                                                                                   |                                                                                                   |                                                                                                                                                               |                                                                                                             |                                                                              |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме                                                  | Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме                                                                                                                      | Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме                                                                 | Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу            |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қараша айы 2024 жыл 4 апта**

| Күн тәртібі                                                                                                                     | Дүйсенбі<br>25.11.2024ж                                                                                    | Сейсенбі<br>26.11.2024ж                                                                                                   | Сәрсенбі<br>27.11.2024ж                                                                                                                                                                                                                                                      | Бейсенбі<br>28.11.2024ж                                                                                                               | Жұма<br>29.11.2024ж                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                              | Түрлі –түсті шармен қарсы алу                                                                              | Көңілді доп арқылы қарсы алу                                                                                              | Смайлик арқылы қарсы алу                                                                                                                                                                                                                                                     | Көңілді әуенмен қарсы алу                                                                                                             | Жүрекшемен қарсы алу                                                                                                                                                  |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру                                                                                            | Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме                                                                    | Үстел үстінде қалай отыратыны, қалай тамақтанатыны жайлы әңгіме                                                           | Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме                                                                                                                                                                                                                         | Баланың эмоционалды көңіл-күйі жайлы әңгіме                                                                                           | Баланың демалыс күні немен айналысатыны жайлы әңгіме                                                                                                                  |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | Кеңістікті бағдарлау.Топтағы гүлдерге бақылау жасату. <b>Қоршаған ортамен таныстыру,экологиялық тәрбие</b> | «Паравоз» Бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз секілді жүреді. Өлең жолдарын қайталап айтады. <b>дене шынықтыру</b> | «Бақыт гүлі»-Тәрбиеші балаларға гүл көрсетеді.Гүлдің жапырақтарында тілектер жазылған.Тілегі бар жапырақтан үзіп алуға балаларға тапсырма береді де және оны кімге бергісі келетінін,кімге жақсы тілек айтқысы келетіні үшін сыйлауға рұқсат береді. <b>Бір тұтас тәрбие</b> | «Сабынды шарлар»-балаларға сусабын шарларын таратады, олар бірігіп үрлейді. Кімдікі ең үлкен болып шығады.<br><b>Бір тұтас тәрбие</b> | «Сүйікті жандарым»-Әр бала өзінің сүйікті жануары туралы айтады.Ары қарай барлығы бірдей өз сүйікті жануарларының бейнесін көрсетеді.<br><b>Коммуникативтік дағды</b> |

|                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                    |
| Таңертенгі жаттығу                                 | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ). <b>Әнұран орындау</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                    |
| Таңғы ас                                           | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру <b>Бір тұтас тәрбие</b> |                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                    |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық               | Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке.<br><b>Математика негіздері</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | топта(терезенің алдын ашықпау,розетка ларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру | Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту.<br><b>Сөйлеуді дамыту</b> | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету<br><br><b>Математика негіздері</b> | Ұй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру |
| Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған | Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <b>Музыка</b> Музыка тыңдау: Өртүрлі аспапта                                                                                                              | Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:                                                                                                                                           | <b>Қазақ тілі</b> Алдын ала үйретілген                                                                                                                        | Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар.                                                                                                                                                          |

|           |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                          |
|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| іс-әрекет | Негізгі қимылдар:<br>Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру;<br>саптабір-бірден жүгіру;<br>кұрсауданкұрсауға,заттардыайналыпжән есаттардыңарасыменсекіру;<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқа тұру<br>Қимылды ойын:<br>Қуыр-қуыр қуырмаш. | орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйренеді | шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру;<br>сапта бір-бірден,алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру;<br>допты заттардың арасымен, қақпаға домалату;<br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру | сөйлеуүлгілерінестес ақтап,әңгімелесе білуге баулу.<br>Жемістермен көкөністер жақсы өсу үшін не қажет?<br>-Олар жылуды қайдан алады?<br>-Күн қандай пішінге ұқсайды?<br>- Күннің түсі қандай?<br>Олай болса балалар біз «Күн» жасайық.<br>Тәрбиеші сары түсті дөңгелекке қыстырғыштарды қыстыру арқылы күн бейнесін жасап көрсетеді.<br>Балаларға күн бейнесін жасауды ұсынады.<br><b>Сөздік қор.</b><br><b>Д/ойын «Сикырлы қоржын»</b><br>-Балалар, алма, алмұрт, жүзім,өрік қайда өседі?<br>-қызанақ, қияр, асқабақ, картоптар қайд | Негізгі қимылдар:<br>Шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру;<br>саптабір-бірден жүгіру; қимылды ойын:<br>Шыбыққа қалпақ кигізу |
|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|  | Балалар шеңбер болып отырады. Терезеге қарап, ауа райының өзгерісін айтады. Ауа райы әртүрлі болады, бірде күн ашық болады, бірде жаңбыр немесе қар жауады. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b><br>Тәрбиеші: - Қолымыздан ұстап дөңгелене ұстайық. Біз қазір неге ұқсадық?<br>Балалар: Күнге.<br>Тәрбиеші: Балалар қалай ойлайсыңдар бізге күн не үшін қажет?<br>Күн әлемге жарық беріп, шуағын шашады.<br>Күннің пішіні | Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Кескен болам кесілмейді, Кесілсе де бөлінбейді.<br>Су <b>Сөйлеуді дамыту</b><br>Балалардың алдында екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Су бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан | Бұлт туралы<br>Ақсың, сұрсың қарасың<br>Қалқып қайда барасың ?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет. <b>Көркем әдебиет</b><br>Енді балалар бұлттар әлеміне саяхатқа шығайық.<br>Ол үшін орнымыздан тұрып, қолдарымыздан ұстап, көзімізді жұмып елестетейік. Біздер ұшаққа мініп аспанда ұшып келе жатырмыз. Аспанда мақтадай үлпілдеген бұлттар өтіп бара жатыр.<br>Бұлттар әр түрлі пішіндерге қоянға, геометриялық пішіндерге ұқсайды екен. Енді балалар парашютпен жерге секіреміз. Ал астыға қарайықшы астыдан нені көріп тұрсыңдар? – жер, | Ауа не үшін қажет деп ойлайсыңдар?<br>- Дұрыс.<br>- Ауа-ең алдымен тыныс алу үшін қажет. Тыныс алған кезде өкпеге ауа барады. Ауаның көлемі болмайды және көрінбейді. Ауа, бұл – жел. Желдің бармайтын жері жоқ. Жазда ыстық жел, ал қыста суық жел соғады. Балалар ендігі тәжірибе біз ауаға жасаймыз. <b>Сөйлеуді дамыту</b><br>Алайда, шар немес допқа жел толтырсақ ауа белгілі бір көлемге толады.<br>Шарды үрлеп ыдыстағы суға саламыз. | Жаңбыр жауды — тырс², Боран соқты — гу², Жел тұрды — ыли², Найзағай ойнайды — тарс-тұрс. <b>Көркем әдебиет</b><br>«Күн мен түн». Шарты:балаларға «күн» дегенде, олар қолдарын ашып, дөңгелек жасайды, ал «түн» дегенде, олар ұйықтаған болады <b>дене шынықтыру</b><br><br>Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                      |
|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | қандай?түсі қандай?<br><b>Математика негіздері,сөйлеуді дамыту</b><br>Жайпақ ыдысқа сары түсті бояуды дайындап аламыз;<br>-Бояуы бар сары түсті ыдысқа алақанды толықтай малып,алақанды альбом бетіне әртүрлі бағытта саламыз. <b>Сурет салу</b>              | қасық көрінбейді.<br>«Су мөлдір ал сүт мөлдір емес».<br><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b><br>Су қандай?түссіз,сұйық,сылдыр екенін көрсету<br><b>Математика негіздері</b><br>Сылдырайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен, әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,су.<br><b>Көркем әдебиет</b> | су, ағаштар. Бұл біздің туған жердің байлығы, Табиғат қандай әдемі! Туған жеріміздің табиғатын қастерлеуіміз, қорғауымыз керек. <b>Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту</b> | <b>Қоршаған ортамен танысу</b><br>Сызықтармен ауада желді бейнелу. <b>сурет салу</b><br><b>Тілді жаттықтыру.</b><br>У-у-у-у су<br>Ел –ел- ел – жел<br>Ау-ау-ау-ауа<br>Үн-үн-үн-күн<br><b>Сөйлеуді дамыту</b><br>Ауасыз тіршілік жоқ<br>Жел ауаның қозғалысы.<br>Күзгі жел туралы бейнені желімдеу<br><b>Жапсыру</b> | кұбылыстары.Қоршаған ортамен танысу<br>Бұлттың түсі қандай?пішіні ше?<br><b>Математика негіздері</b> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b> ) |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                      |
| <b>Серуен</b>            | Күз мезгілінің                                                                                                                                                                                                                                                | Балабақша                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Балабақшаны мекендейтін                                                                                                                                                           | Ұзындығы мен ені                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Серуенге алып шыққан                                                                                 |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру.<b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p>                                                                                                                                                                                                             | <p>қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Аула сыпырушы мен бақташыға көмектесу.<br/><b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды дамыту.<br/><b>(құрастыру)</b></p> <p>Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер</p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p> | <p>үй жануарлары туралы әңгімелесу. Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Табиғи материалдардан қора жасату.<br/><b>(құрастыру)</b></p> <p>Қ/О «Поезд»</p> | <p>бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету.<br/><b>(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</b></p> <p>Еркін ойындар<br/>Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету.<br/><b>(жапсыру)</b></p> <p>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»</p> | <p>ойыншықтарды салыстыру. Бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру.<br/><b>(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</b></p> <p>Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету.<br/><b>(құрастыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қ/О «Поезд»</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b></p>                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Түскі ас</b>        | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Суды, тамақты,</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |


|                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                     |                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                             |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
